

# DETRIMAX<sup>®</sup> BABY DROPS

ДЕТРИМАКС<sup>®</sup> БЭБИ  
тамшылары



ДЕТРИМАКС<sup>®</sup> БЭБИ тамшылары құрамында D<sub>3</sub> дәрумені (холекальциферол) – осы дәруменнің табиғи түрі бар, бұл – күн сәулесінің астында адамның терісінде түзілетін жалғыз дәрумен. Сонымен қатар, ол адам организміне жануар тектес тағаммен түседі. Холекальциферол – өмірлік маңызды майда еритін дәрумен, адам организмінің барлық ағзалары мен жүйелерінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажет.

## ДЕТРИМАКС<sup>®</sup> БЭБИ ТАМШЫЛАРЫ D ДӘРУМЕНІНЕ ТӘУЛІКТІК ҚАЖЕТТІЛІКТІ ТОЛЫҚТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ.

### D ДӘРУМЕНІ КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА МАҢЫЗДЫ:

**СҮЙЕК-БҮЛШЫҚ ЕТ ЖҮЙЕСİNДЕ.** Фосфор-кальций алмасуын реттеуде қатысады: ішекте кальцийдің сіңінуіне көмектеседі, қандағы кальций мен фосфордың қажетті деңгейін қолдайды, сүйек метаболизмін белсендіреді. Сүйектің мықтылығын қамтамасыз етуге және рахиттің, остеомаляцияның (сүйектің жұмсаруы) даму қаупін азайтуға ықпал етеді. D дәрумені тісті нығайтады, одонобласттардың – тістің иммундық жүйесінің жұмысын орындайды, тістің қалпына келуі және эмальдің саулығы үшін өмірлік маңызды дентинді өндіреді. Зерттеулер көрсеткендей, организмдегі D дәруменінің жеткілікті мөлшерімен тіскегі қауіптің төмендеуі арасындағы айқын байланыс бар. D дәруменінің қалыпты деңгейін қолдау балалар үшін аса қажет, себебі, балалық жас – сүйектің өсуі үшін күрделі кезең. Бұлшық еттің күшін және нәре-бұлшық еттің өткізгіштігін қолдауға ықпал етеді. D дәруменінің тапшылығы бұлшық ет өлсіздігін туындатады, осының салдарынан D дәруменінің тапшылығына ұшыраған балалар тұрғанда және жүргенде қиындықты сезінеді, ал егде жастағы адамдарда құлау мен сүйектің сыну қаупі артады.

**ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕДЕ.** Иммундық қызметтің саулығына, белсендіруге ықпал етеді, туа біткен және жүре пайда болатын иммунитетке оң әсер етеді. Организмде микробқа қарсы өзіндік пептидтердің: каталицидин мен дефензиннің түзілуін іске қосады. Суық тию ауруларының даму қаупін азайтады. Жасушалардың өсуіне, дамуына және жаңаруына реттейтін әсер етеді. Организмдегі D дәруменінің тапшылығы иммундық қорғанысты әлсіретуге апарды. Клиникалық зерттеулерде дәлелденгендей, D дәруменін қосымша қабылдау суық тию ауруларының қаупін төмендетеді.

**ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСİNДЕ.** Жүйке жүйесінің қызметіне оң әсер етеді, психо-эмоционалдық жағдай мен танымдық қызметті қоса: көңіл-күй, есте сақтау, жұмысқа қабілет, организмнің жалпы ширақтығы. Нейро-қорғаныстық әрекет етеді, оқу және есте сақтау үрдістерін жақсартады, себебі, жүйке жасушаларының арасында импульстердің берілісін іске асыратын нейромедиаторлардың, биологиялық белсенді заттердің өндірісінде қатысады. Ол триптофанның серотонинге – адамның қалыпты танымдық қызметі мен психо-эмоционалдық жағдайы үшін зор мәні бар нейромедиаторға айналуы үшін қажет. Көңіл-күйді жақсартуға ықпал етеді. D дәрумені нейромедиаторлар: серотонин, допаминнің түзілуіне оң әсері есебінен ауырсыну сезімталдығына да оң әсер ете алады. Шаршауды басуға және организмнің ширақтығын арттыруға ықпал етеді, жасушалардың өзіндік энергетикалық әлеуетін реттейді. D дәрумені өсерінің нәтижесінде жасушалардың митохондрияларында организмде өтетін барлық биохимиялық үрдістер үшін өзіндік ембепан энергия көзі болатын АТФ (аденозинтрифосфат) өндірілуі артады. Майлардың асқын тотығу үрдістерін тежейді.

**БРОНХЫ-ӨКПЕ ЖҮЙЕСİNДЕ.** D дәрумені – өкпенің дамуы, оның дұрыс құрылымы және қалыпты қызметі үшін қажетті фактор. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы кезінде емдеу әсерін тигізеді, қабынуды азайтады. Ауа өткізу жолдарының тегіс бұлшық етінің өзгерістерін болдырмауға ықпал етеді, тыныс алу жолдарының бұлшық етін және қабыну жауабын реттейді, бұл өкпенің қалыпты қызметіне ықпал етеді. D дәрумені балаларда демікпе дамуының алдын алады және Өкпенің созылмалы обструктивті ауруын емдеуде және профилактикасында әрекет ететін құрал, инфекциялардың кең ауқымынан қорғайды, туберкулез бен респираторлық инфекцияларды қоса. Өкпе макрофагтарында матрикстік протеиназдардың микобактериялардың өсеріне ұшырауына кедергі келтіреді және осы ферменттермен өкпе тінінің табиғи қорғаныс жабындысының бұзылысының алдын алады.

**ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫР ЖҮЙЕСİNДЕ.** D дәрумені жүрек-қантамыр жүйесінің қызметін қолдауда қорғаныс ролін атқарады. Тамырлардың ішкі қабатына және бұлшық етті қабырғасына, сондай-ақ, қан уюы үрдістеріне оң әсер етеді. Осымен қатар, D<sub>3</sub> дәрумені семіздікті және метаболикалық синдромның барысын реттеуде маңызды роль атқарады.

**ЖЫНЫСТЫҚ ЖҮЙЕДЕ.** Жүктілікті жоспарлайтын немесе бала көтеруде қиындыққа ұшыраған жұптардың репродуктивтік қызметіне оң әсер етеді. D<sub>3</sub> дәрумені тапшылығының болмауы ЭКҰ нәтижесін жақсартуға мүмкіндік береді.

**АС ҚОРЫТУ ЖҮЙЕСİNДЕ.** D дәрумені асқазан-ішек жолдарының сілемей қабатының гомеостазына (ішкі тұрақтылық) әсер етеді, эпителий қалқанының тұтастығын және эпителийдің өң бітіру қабілетін сақтауға ықпал етеді. D дәрумені асқазан-ішек жолдарының және бауырдың қызметіне оң әсер етеді.

## D ДӘРУМЕНІ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ:

- сүйек-бұлшық ет жүйесін және тістерді нығайтуға
- сау иммундық қызметті қолдауға
- жүйке жүйесінің қалыпты қызметін қолдауға
- репродуктивті қызметті қолдауға
- май салмағын азайтуға.

**Қолдану аясы:** тағамға биологиялық қоспа ретінде D<sub>3</sub> дәруменінің қосымша көзі ретінде ұсынылады. D дәрумені: D дәруменінің жетіспеушілігін толықтыру және қалыпты деңгейін сақтау, сүйектер мен тістерді нығайту, иммунитетті нығайту және суық тию қаупін азайту, бұлшықет күшін нығайту және дұрыс мүсін қалыптастыру, есте сақтау және сөйлеу қабілетін, зейін қоюды дамыту және ақпаратты жақсы игеру, көмірсулар алмасуын қалыпқа келтіру үшін қажет. Туғаннан бастап сәбилердің қажеттіліктерін ескере отырып жасалған. Табиғи құрамы және мөлшерлеу жеңілдігі.

## Қолдану бойынша ұсыныстар:

- жасанды емізілетін емшек еметін жастағы (өмірдің 2-ші аптасынан бастап) және 3 жасқа дейінгі балаларға – тамақтану кезінде тәулігіне 1 тамшыдан (200 ХБ) немесе дәрігердің ұсынымдарына сәйкес;
- 3 жастан асқан балаларға – тамақтану кезінде тәулігіне 2 тамшыдан (400 ХБ) немесе дәрігердің ұсынымдарына сәйкес;
- ересектерге – тамақтану кезінде тәулігіне 3 тамшыдан (600 ХБ) немесе дәрігердің ұсынымдарына сәйкес, өйткені D дәрумені – бұл майда еритін дәрумен, ол тамақпен бірге тұтынылған кезде барынша сіңіріледі.

Қабылдау ұзақтығы – 6 ай, әсіресе, күзгі-қысқы айлар кезіндегі. Қолдану алдында дәрігермен кеңесу қажет. «Детримакс<sup>®</sup> Бэби тамшылары» балаларда туғаннан бастап D дәрумені жетіспеушілігінің орнын толықтырады және оны қалыпты ұстауға ықпал етеді.

**ДЕТРИМАКС<sup>®</sup> БЭБИ ТАМШЫЛАРЫ** өнімін жүктілік кезінде қолдануға болады. Жүктілік кезінде D дәруменінің сәйкес мөлшерін тұтыну қажет. Бір тамшысында 200 ХБ холекальциферол бар.

D дәруменінің ұсынылатын қабылдау мөлшері:	Физиологиялық қажеттілік нормасынан % *		
Емшек жасындағы сәбилерге	1 тамшы	200 ХБ	100 **
3 жасан асқан балаларға	2 тамшы	400 ХБ	200 **
Ересектерге	3 тамшы	600 ХБ	300 **

\* TR TC 022/2011 «Тағам өнімдерінің таңбалануына қатысты»; \*\* ЕурАЭЗО КЕден одағының «Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тауарларға қойылатын бірінші санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына» сай сәйкес рұқсат етілген жоғарғы тұтыну деңгейінен аспайды.

Тағамдық заттер	1 тамшысының тағамдық құндылығы (0,05 мл)	1 тамшысындағы ҰТТ % (0,05 мл)	100 мл-дегі тағамдық құндылығы
Энергетикалық құндылығы	1,75 кДж/0,43 ккал		3496,12 кДж / 850,41 ккал
Ақуыздар	0,0 г	0%	0,0 г
Көмірсулар	0,0 г	0%	0,0 г
Майлар	0,047 г	0,06%	94,37 г

**Құрамы:** орташа тізбекті үшглицеридтер, D<sub>3</sub> дәрумені (холекальциферол). Құрамында аллергендер, қант, тәттілендіргіштер, Е-қоспалары, сақтаушылар, спирт жоқ.

**Қарсы көрсеткіштері:** ББК құрамбөліктерін жеке көтере алмау.

**Шығарылу түрі:** құтыдағы майлы ерітінді 10 мл, 30 мл.

**Жарамдылық мерзімі:** 3 жыл.

**Сақтау шарттары:** 15°С-тан 25°С-қа дейінгі температурада, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.

**Тарату шарттары:** дәрханалар жүйесі, сауда жүйесінің арнайы дүкендері, бөлімдері арқылы таратуға арналған.

**Тағамға биологиялық белсенді қоспа.**

**Дәрінің қатарына жатпайды.**

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік:

AM.01.48.01.003.R.000219.10.21 Берілген күні: 11.10.2021 ж.

